

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА
ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ МАҢЫЗЫ****Айдналиева Н.А.**

Әр халықтың мәдениетіне зер салатын болсақ, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де, қай елдің болсын ең басты ойландыратын мәселесі болып отыр. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өресі озық, азамат етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан халқымыздың ұлттық тағылымы, тәрбиелік мәні зор әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өнері болашақ ұрпақтың сана-сезімін оятып қалыптастырады, адагершілік, ізгілік және имандылыққа тәрбиелейді. Көп ұлтты мемлекетте өмір сүргендіктен этнопедагогикалық мәдениет арқылы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеттің жақсы деңгейде қалыптасуы еліміздің болашағы үшін өте маңызды.

Тәуелсіздік алған еліміздің келешек ұрпақты ұлттық, халықтық және этностық-мәдени тұрғыда тәрбиелеуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» бағдарламасында көрсеткендей: «Қазақ патриотизм мемлекеттің территориялық тұтастығын, салт – дәстүрдің, ұлттық мәдениеттің сақталуын, Қазақстанда тіршілік етуші ұлттардың бірлігін қамтамасыз етуді, олардың саяси экономикалық және мәдени байланысын мемлекеттік қазақ тілі мен халықаралық қатынас тілі – орыс тілінің жетіліп көркеюіне баса назар аудару т.б. Сонымен қатар қазіргі дүние жүзінде этникалық және этносаралық үрдістердің ғаламдану бағыты барған сайын үдей түсуде. Осыған байланысты «... біздің қазақтың баласы нағыз интернационалист болуы керек. Себебі біздің экономикалық кеңістігіміз де, мемлекетіміз де дүниеге ашық, біз тек өзіміздің ішіміздегі көп ұлттылықты айтып отырмыз. Ал дүние жүзінде алты мың ұлт пен ұлыс бар. Солармен жұмыс істеуге тура келеді. Біздің жастарымыздың бойында сол барлық ұлтпен әр уақытта сөз тауып кететін қасиет болуы керек. Ешкімге жоғарыдан қарамау керек.» деді.

Қазақстан егеменді ел болуымен байланысты ағарту ісінде оның басшылыққа алатын

негізгі идеялық бағыты, елбасымыздың «Қазақстанның келешегі ұлттардың рухани бірлігінде» деп атап көрсетілуі тәлім-тәрбие ісінде стратегиялық бағыт көзделуі керек.

Қазақстанның ерекшелгі халқының көп этникалық және көп дінді құрамымен айқындалады. Республикада көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Олардың кейбірі тығыз шоғырланған, мұның өзі Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени көп қырлығымен ерекшелігін күшейте түседі.

Бүгінгі таңда түрлі мемлекеттік басқару мекемелері, жергілікті әкімшіліктер оқу орындары мен ұлттық – мәдени орталықтар бұл бағытта тыңғылықты жұмыс жүргізуде.

Біздің еліміздегі қазіргі жалпы орта білім беру мектептерінде ұлттық қатынастар дамуының жаңаша жағдайлары қазіргі кезеңде оларды жетілдірудің жаңа міндеттерін де айқындайды, ол міндеттер қоғамды қайта құрумен және оның әлеуметтік экономикалық дамуын жеделдетумен етене байланысты. Өндірісті басым дамыту, қоғамдық өмірді демократияландыру, адам факторын жандандыру, әлеуметтік әділеттілік принципін дәйекті түрде іске асыру жолымен ойдағыдай ілгерілеу ұлттық процесстердің дамуына халықтар достығының нығаюына игі ықпалын тигізуі тиіс [1; 3, 4].

Қазақстан Республикасының мәдени – этникалық білім беру тұжырымдамасы ұлтаралық қарым-қатынасты қалыптастыруда жетекші құрал.

Этникалық – мәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде мыналар ұсынылады:

- жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдайлар жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін -бірі байытуына бағдар ұстау;

- көп тілді жеке адамды қалыптастыру: ана тілінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өзі этникалық тобына қайсы да, мемлекетке қатысты да «бірдей адалдық» үлгісін іске асыру.

Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп ұғынылады. Төл мәдениетті терең

білу үшін басқа мәдениеттерге қызығушылықтың іргетасын қаласа, көп мәдениетпен танысу – рухани баю мен дамудың негізі болады [2].

Бүгінгі таңда ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, әдет-ғұрып, дәстүр, салттың тағдыры мен болашағы мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Тәрбиедегі басты бағыт: «әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет – ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек» [3; 3].

Қай ұлттың, қай халықтың болмасын кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, әдеби-мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек – ұлттық мектеп. Бұл бүгінгі күні ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Кезінде түрлі кезеңдердегі педагогтар мен ойшылдар да ұлттық мектептер ашып, онда ұлттық педагогикадағы үлгі - өнегені халық даналығының көрінісі ретінде пайдалану жөнінде құнды идеялар айтқан. Оларды өздерінің тәжірибесіне арқау етіп, оның тәрбие саласындағы күшіне сенген.

Қазақ халқының зиялы азаматтары А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б. да ұлт мәселесі, ұлттық тәрбие саласында ірі сөз қозғап, құнды ой – пікірлер айтқаны белгілі. Олардың ұлттық педагогика идеяларына мұндай сенімі, халыққа, оның мәдениеті мен әдебиетіне, тіліне, тарихына, дәстүрі мен салтына деген сүйіспеншілігінен туындаған еді.

Бүгінгі таңда «ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін арнайы жағдайлар жасау – білім беру жүйесінің басты міндеті» болып отыр.

Республика мектептерінің ұлттық педагогика негізінде жасаған тәрбие жүйесін зерттеу, жарық көрген тұжырымадамалар мен бағдарламаларға, ғылыми–теориялық, практика-

лық конференциялар мен семинарлар мазмұнына талдау жасау, бұл салада біраз жұмыстар жасалып жатқанын дәлелдейді – деп көрсетеді педагогика ғылымының докторы К.Ж. Қожахметова «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика» оқулығында [3; 121].

Әрине, осының барлығы мектеп оқушыларын тәрбиелейтін ұстаздарға тікелей қатысты. Сондықтан мұғалім мәдениеті мен парасатының дұрыс қалыптасуы қашанда биік тұрады.

Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеттілігі оның жоғары кәсіби педагогикалық деңгейін көрсетеді.

«Этнопедагогикалық мәдениет» мұғалімнің жеке кәсіби сапасы ретінде өзекті де басты және қазіргі заманғы ерекше үздік белгілерінің бірі болып табылады.

«Этнопедагогикалық мәдениет» мұғалімнің тұлғалық құрылымының элементі ғана емес, оның кәсіби педагогикалық құрылымын байытудың жеке қалыптастырудың ең қажетті факторы; «этнопедагогикалық мәдениет» мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті сонымен қатар, этнопедагогикалық мәдениет болашақ мұғалімнің жеке іс-әрекеті құрылымында қалыптаса бастайды. Оны жүзеге асыру үшін жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімнің мәдениетін дамытуда этнопедагогика курсы ерекше роль атқарады.

Этнопедагогиканың мәні ұлттың дамуымен қалыптасуының нақты проблемаларын шешуге бейім озық педагогиканың этникалық үлгілерін құрайтын арнайы білімдерден және практикалық ұсыныстардан тұрады. Мұнда халықтық педагогикалық мәдениеттіліктің маңызы үлкен мәнге ие. Олай дейтініміз, халықтық педагогика дәстүрімен оның мазмұнын одан әрі байытып терендете түсуге, сонымен қатар жазылған не жазылмаған заң ережелерін бұлжытпай сақтауға үйретуіміз керек. Осыған байданысты кәсіби мәдениетті қалыптастыратын күрделі жүйенің теориясы мен практикасын дамыту және одан әрі байыту талап етіледі. Оның бірден-бір сара жолы болашақ мұғалімнің кәсіби этнопедагогикалық қызметі. Ал болашақ мұғалімдердің кәсіби этнопедагогикалық қызметі педагогикалық практика уақытында оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде жүзеге асады. Оқушыларды тәрбиелеу үрдісіндегі көп жоспарлы міндеттерді ойдағыдай орындау, оның ішінде оларды этнопедагогикалық мәдениетпен қанағаттандыру не-

гізінен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің даярлығына тікелей қатысты. Сондықтан мектеп оқушылары тәрбиесінде қазақ этнопедагогикасы материалдарын тиімді пайдалану ұлт мәдениетін жетік меңгерген педагог кадрларды, соның ішінде әсіресе халықтық педагогика жөнінде түсінік танымы терең болашақ мектеп мұғалімдерін даярлауды талап етеді. Сонымен қатар ұлттық мектептің ұлы мұратын іске асыратын ұстаздар қауымы ұлттық намысты ту етіп, білімін, қажыр-қайратын елдің ертеңін еңселендіретін қасиетті істі аямау қажеттігі туындайды.

Қазіргі мұғалім саясаттан тыс болуы мүмкін емес. Олай деуге негіз, ұлттық саяси тұрғыда оның қажетті қателік жіберуге ешқандай қақысы жоқ. Сол себепті де ол педагогикалық жоғары оқу орнында қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасын тұрақтандырып, одан әрі жетілдіріп отыруы тиіс.

Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салу, тарихи тәжірибеден сабақ алу, мәдени дәстүрін, озық әдет – ғұрпын, өмір салтын зерттеу, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізу мәселелерінен ұстаздар қауымы да мұқият шұғылдана бастады.

Әлемдік мәдениетке әр ұлт мүмкіндігінше өзіндік үлесін қосады. Ол жөнінде академик М.О. Әуезов: «Әлем мәдениеті – ұлттар мәдениеті – ұлттар мәдениетінің жиынтық қосындысы әлемдік мәдениетке италияндықтар әсем сазды музыкасымен, египеттіктер атақты пирамидаларымен үлес қосса, көшпелі қазақ халқы бай ауыз әдебиетімен үлес қосты» деген пікірін дәлел ретінде келтіруге болады. Демек біз әрбір халықтың мәдениетінен қандай да болсын үлгі тұтатындай қасиеттерді өз мәдениетімізбен салыстыра отырып үлгі ретінде пайдалануға болады. Бірақ өзіміздің төл мәдениетімізден алыстамай кетуіміз қажет.

Қандай да бір саяси немесе экономикалық, мәдени немесе діни уақиғаны алып қарасақ та, көбінің этникалық сипаты бар. Полиэтностың Қазақстандық қоғамдағы этноаралық қатынастардың бүкіл кешенін жақсартпай, жетілдірмей елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, қорғанысын, тәуелсіздігін қамтамасыз ету қиынға соғады. Әрине, саяси, экономикалық, этникалық және басқа да тартыстарды мектептің шеше алмайтыны түсінікті, бірақ оқушыларды елдің этносаясатын түсінуге, ұлтаралық қарым-қа-

тынас этикасының нормалары мен әдеттерін, әр түрлі этностардың өкілдерімен, өздерінің құрдастарымен достықта, жолдастықта өмір сүруге тәрбиелеу үлкен маңызға ие. Жоғарыда көрсетілгендей көп ұлтты және көп конфессионалды Қазақстан үшін өз жастарында ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқушыларға ұлтаралық қарым – қатынас өнерін меңгертуде өздерінің жеке тәжірибесіне сүйеніп, интуитивті деңгейде байқап көру арқылы жүзеге асыруға болады:

- ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін тәрбиелеудің мақсаты, мазмұны және ұстанымдары; тәрбиелеу мақсатында азаматтар моральдық – этикалық және басқа да адами белгілерді қалыптастыруда мемлекеттің әлеуметтік сұраныстарының көрінісі;

- көп ұлтты Қазақстанның әлеуметтік сұранысының құрамдас бөлігі – азаматтарды жалпы мемлекеттік патриотизмді;

- халықтар достығы сезімін және діни төзімділікті тәрбиелеу; ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеудің формалары мен әдістерінің мазмұны (кіріспе әңгіме нұсқау, ықылас тудыру т.б.) ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеуде оқушылардың санасына, мінез – құлық пен іс - әрекетіне әсер етудің әдістері. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкес белсендіру әдістері: оқыту – тәрбиелеу диалогы, іскерлікке үйрететін ойындар, дидактикалық конкурстар, сұрақ – жауап ойыны, компьютерлерді пайдалану т.б.

Мектепте оқушыларға ұлтаралық мәдениетті қалыптастыруда мыналарды ескеру қажет:

- мектептегі тәрбие жұмыстарын есепке алу;

- ұлтаралық тәрбиенің ұйытқысы – ана тілі;

- әр ұлттың балаларын оқытқанда ұлтына сыйластықпен қарау.

Сонымен қатар Ы. Алтынсаринның сөзімен айтсақ «Балаға білім мен тәрбие беру үшін оның рухын тани білу қажет», – деп айтар едік. Сондықтан мектептерде балаға білім бергенде олардың ұлттық ерекшеліктеріне мән беру бүгінгі күні аса маңызды болып отыр. Мектеп оқушыларының ұлттық ерекшеліктеріне мән берудің алғы шарты ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін орнату болып табылады.

Оқушыларға ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің негізгі ұғымдарының мәнін ашу дәрежесі; дүние жүзі халықтарының қатынасы, әр түрлі деңгейдегі ұлттық қатынастардың дамуы, Қазақстанның ұлттық саясаты жайындағы ақпараттар жиынтығымен хабардар ету қажет.

Мектепте және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының оқушыларға ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеудегі орны, ондағы оқушының ықыластары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру тиімді.

Сыныптан тыс жұмыстарының көпшілік, топтық және жекелік түрлерінің сан алуандықтары, оларды ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін тәрбиелеудегі істерін басқарып отырудың ұйымдық – саяси және педагогикалық астарларының ара қатынасы. Оқушыларды ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеуге ата – аналарды және жұртшылықты қатыстыру, мектеп пен отбасының және жұртшылықтың бірлесіп жүргізуге тиісті тәрбие істерін жоспарлап, оларды ұйымдастыру, оқушылармен олардың шағын ортасына ықпал ету жүйесінің бірізді болуы тәрбиелеуші күштердің әрекеттестігінің жемісті болуы шарт.

Ұлттық мәдениеттің қуатты таратушысы әрі оны жалпыадамзаттық мәдениет пен байланыстырушысы ретінде мектеп жастарын өз халқының жүрек лүпілін сезінуге, ұлттық асылдары (тіл, зерде және т.б.) көздің қарашығындай сақтауға, озық дәстрлер мен тәжірибені дамытуға, бөгде мәдениетті басқалардың да этникалық – ұлттық және мәдени - әлеуметтік қажетсінулерін түсініп, мойындауға үйретуге тиіс.

Әрбір мектеп оқушысының бойында өзінің ұлттық мәдениеті арқылы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті дұрыс қалыптасу қажет. Ол үшін болашақ мұғалімдер бүгінгі күнде «ұлттық» және «ұлтжандылық», «ин-

тернационалдык» сияқты ұғымдардың жаңаша көзқарастарды қажетсініп отырғанын жетік түсіне білу керек. Сонымен қатар болашақ мұғалімдер үшін «интернационалдык», «ұлтжандылық» түсініктердің тек «ұлттық» түсінік арқылы ғана ықпал ете алатынын оқушылардың саналарына жеткізудің әдіс-тәсілдерін ойластыруға жағдай туғызу этнопедагогика курсы жүргізетін оқытушының міндетіне жүктеледі. Ұлтаралық қарым-қатынас қалыптастыру жан-жақты мәдениетті тұлға болған жағдайда ғана белгілі деңгейде дамитынын естен шығармауымыз маңызды.

Ұлтаралық қарым-қатынас болашақ мұғалімдер үшін аса толеранттықты, биік кәсіпқойлықты, этнопедагогикалық икемділікті талап етеді. Ол әсіресе көп ұлтты мемлекеттер үшін тән саясаттың белгісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. – Астана. 2006 жылғы 1 наурыз.

2 Қазақстан Республикасының мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 1996.

3 Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1998.

Резюме

В данной статье рассматривается формирование этнопедагогической культуры в процессе подготовки будущих учителей в высшем учебном заведении.

Conclusion

The formation of ethno pedagogical culture of future teachers` in the pedagogical process of higher professional education.

ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ КАЗАХСТАНА

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.

2011 год объявлен Годом 20-летия Независимости Республики Казахстан под девизом «20 лет мира и созидания», в связи с этим большое внимание у исследователей вызывает процесс формирования национальной государственности. В настоящее время важное

значение имеет критический анализ исторических процессов, протекавших в советском обществе. На начальном этапе развития истории Киргизской (Казахской) АССР как части РСФСР существовали как положительные, так и отрицательные моменты в функционировании